

Нұрғәулет АҚЫШ

АЛАСА
ТАУЛАР
АЯСЫНДА



Нұрғәулет АҚЫШ



АЛАСА
ТАУЛАР
АЯСЫНДА

Алматы – 2020
«Алматы-Болашақ» АҚ

ӘОЖ 821.512.122

ҚБЖ 84 (5 қаз)

А 38

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу,
басып шығару және тарату»
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

ISBN 978-601-7461-92-8

Ақыш Нұрдәулет.

А 38 **Аласа таулар аясында** /Роман/Нұрдәулет Ақыш.

– Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ,

2020. – 320 бет.

Танымал қазақ қаламгері Нұрдәулет Ақыштың «Аласа таулар аясында» атты өмірбаяндық сипаттағы романы қызықты оқиғалар мен тосын эпизодтарға толы. Жас кейіпкердің есею, өсу жолдары, қырдағы ел суреттері түрлі тартыстар арқылы көркем тілмен бейнеленген. Ал драмалық үлгідегі «Несиесіз несібе» хикаясы өтпелі кезеңдегі өмір шындығын, кейіпкерлерінің мінез-құлқын юморлық штрихтар арқылы өрнектеп шығуымен тартымды.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122


ҚБЖ 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-7461-92-8

© Н. Ақыш., 2020

© «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020

**АЛАСА
ТАУЛАР
АЯСЫНДА**



(Ықшамдалған нұсқасы)



Бірінші тарау

*Айпарадай анық суреттер. Жайлау жаңғырықтары.
Ай астында, айдалада. Қыстау көріністері. Жатаққа
айналар алдында.*

— ...**А**шты... зін... — деп күнгірлей естілген әлсіз үнмен қабаттасып әлдеқайдан:

— Қарғам-ау!.. Жарығым-ау!.. — деген қарлығыңқы қоңыр дауыс та құлаққа талып жетеді.

Тас қараңғы зынданнан ақырындап жер үстіне көтеріліп келе жатқандай бір әсер. Буалдыр тартуға айналған көз алдым бірсін-бірсін жарыққа дес беріп, айналам ақырындап айқындала бастады.

Тақ төбемнен төне қараған адамдар... олардың үстінде түнлігі түрілген қисықтау шаңырақ... Ал шаңырақтың едәуір бөлігі бірынғай шымқай көк... әр жері қоңыр түсті құрымға айналған киіз... сәл қиғаштай түсіп тұрған өткір жарық... күн сәулесі... Көзімді ашқаннан кейін бәрінен де көбірек қадалғаным осы сәуле сияқты.

Адамдардың арасынан алғаш айырғаным — ақ киімді, қара бұрымды жастау келген екі әйел. Өздері баяу ғана қыбырлап бірдеме істеп жүр. Біреуі жалтыраған бір ыдысқа әлденелерді салып жатқан сияқты...

Жаңағы естілген неғылған сөздер екендігін, кімге айтылып жатқандығын байырқалайтын шама қайда? Ұққаным — жаңағы бір-екі сөз. Оның өзін дұрыс түсініп жарытып жатсам, не қыл дейсіз?

«Қарғамдап» мейірлене сөйлеген кісінің кім екенін көре алмаймын. Сезгенім — тамағымның тұсын әлдеқандай қылшықтар жыбырлатып, бір әлсіздеу лептің желпіп өткені... Жаңағы шаңырақтың көкпенбек бөлігіне жатып кеп ұзақ үнілем, бірақ не екенін ажыратар хал жоқ.

Көзімді ашып, жарық дүниені алғаш көргенде, жадымда жатталып қалған көріністер осындай.

Есім қалыптаса бастаған біраз жылдан кейін естісем, мен қызуым көтеріліп қатты ауырып қалған екенмін. Есім кіресілі-шығасылы күйде былдырай сандырақтап, бірнеше күн жатыппын. Сонан Покровкадан фельдшерлер келіп, өз білгендерінше ем-дом жасауға кіріскен ғой. Негізгі емдері укол мен дәрі-дәрмек болса керек. Бірнеше күн арпалысқандары

ақыры шипа болып, ақ халаттылар мені ажал аузынан аман алып қалыпты.

Шешем «Теңгекотыр болып ауырғансың... Өліп қалады екен деп қорықтық» деп отыратын.

Содан менің енді ғана есімді жиып, алғаш рет көзімді ашқан сәтім екен. Сондағы көргенім – жаңағы суреттер. «Қиғаштай түскен өткір жарық» дегенім күн сәулесі, «бірыңғай шымқай көк» дегенім кәдімгі көгілдір аспан, «Қарағымдаған» қарлығыңқы қоңыр дауыс әкем Бәбиханның өзінікі болып шықты. Өмірге шыр етіп келгеннен кейін де көріп, естіген шығармын, бірақ алғаш рет тайға басқан таңбадай болып, есімде айпарадай анық қалған суреттер осылар.

Шамамен алғанда мамыр айының іші, әлі талтүс бола қоймаған уақыт. Қойшылардың қыстаудан көшіп, көктеуге шыққан кезі.

Тау етегінен басталған Қайырбай бұлағы теріскейге қарай созылған жатағандау кең аңғардың ішімен ағады. Сол аңғардың он жақ қабағында, қыстаудан бір шақырымдай ғана жерге қоныс аударып, киіз үйге шыққан екенбіз.

Егер мені маусым айында өмірге келгенімді ескерсек, жаңағы алғаш есімді білген кезде екі жасқа әлі толық тола да қоймасам керек.

Ал анам Нұржамалдың сол сәтте неғып көзіме түспегенін білмеймін.

– Таймас! Таймас! Кә!.. Кә!..

Қанша ұмтылса да, дымы құрып, соңымыздан қуып жете алар деген не. Ілеспейін демейді-ау, бытыса өскен қалың шөп домаланған неменің аяғын аттатар емес. Жаңа түскен ізбен тоңқандап жүгіріп келе жатып-ақ, оралып-шырмалып, қалып қоя береді. Кейде тоңқалаң асып түсіп, домалап алады да, жанкештілікпен алға қарай өршелене қайта ұмтылады.

Сонда бұл неғылған тіршілік иесі десең, кішкене ғана қоңыр күшік.

– Таймас! Таймас! Кә!.. Кә!.. – деп жағы талмай шақырып келе жатқан әкем.

...Ырғаң-ырғаң етеміз. Сондықтан шығар, айналадағы бүкіл әлемнің бір ырғақпен аударылып-төңкеріліп келе жатқаны. Ырғаңдайтын себебіміз – біз түйе үстіндеміз. Түйеге теңдеген аз ғана жүктің ортасына жайғасқандар – шешем екеуіміз. Анығырақ айтқанда, отырған – шешем де, мен болсам артқа қарап екпетімнен жатырмын. Ырғаңдай

шайқалған жасыл әлемнің арасынан андитыным — басқа емес, бір құйтақандай күшік.

Күнді маңдайға ұстаған шағын көштің бет алысы оңтүстік батысқа қарай. Айнала қоршай төнген жап-жасыл биік таулар бірте-бірте аласарып, біз көгілдір аспанның астында ілініп келе жатқандаймыз. Ырғаң-ырғаң еткен түйе жүрісімен айналамыз аударылып-төңкеріліп, шайқалып келеді. Ал алдымызда атқа мініп алып, түйені жетектеп келе жатқан — арықтау, бидай өнді жігіттің есімі Ерғали.

Бірақ айналама жіті назар аударып жатқан мен жоқ, екі көзім — шөп арасында шырмалып қала беретін кішкене Таймаста. Қолымды созып, қасыма алғым келеді. Бірақ менің былдырлаған сөзімді әкем естімейтін болар, естісе де, көңіл бөлмейтін сияқты.

Ойбайласаң, баспайтын шабан шардағымен жайыла жылжыған қойын қайырмалап, қапталдай ілесуде. Ара-арасында түйелі көшке жақындап жағдайымызды біліп кетеді. Көш дейтін себебіміз біздің алды-артымызда да біреулер ілбіп келе жатқан тәрізді.

Ақыры мен арманыма жеттім, әкем Таймасты жерден іліп алды да, түйе үстіне шығарды. Күшікті сылап-сипап өзімше жетістім де қалдым. Ырғаңдаған қимыл тыйылған соң жан-жағыма қарасам, тоқтап тұр екенбіз. Түйені жетектеп келе жатқан жігіт атынан түсіп, жүрелеп отырған күйі жерге түкіріп жатыр.

— Жонға шыққанды көтере алмады-ау. Қан тастауын қарашы, — деп қойды шешем. — Көксау байғұс жастай өліп қалмаса игі еді.

Бұл Ерғали қойшылардың көші-қонына колхоздан көмекке жіберіліпті.

Бірақ ол өлген жоқ, кейін мен есейген кезде де аманшылығын естіп-біліп жүрдім.

...Біз сол Қайырбай бұлағындағы қыстаудамыз. Қар әлі дұрыстап ери қоймаған жазға салымның уақыты.

Ішкі жағы шикі кірпіштен не тастан домбыздап қаластыра салған қазақы бөлме. Күнбатыс жақ қабырғадағы кір-қожалақ оймақтай терезе сырттағы жарықты өлшеп қана жібергендіктен, үйдің іші алакөлеңкелеу. Сол алакөлеңке жалғыз бөлменің іші абыр-сабыр. Ортадағы керулі арқанға екі қолтығынан асылған шешем бебеу қағады. Әлдекімдер айнала күйбеңдеп қолтығынан демейтін сияқты. Бір бұрышта ештеңеге түсінбей, көзім бақырайып мен отырмын.

Кенет әлдене шар ете қалғандай болды да, іле інгәлай жөнелген нәрестенің үні естілді. Қызылшақа жылбысқаны біреу ұстап алып, шүберекке орай бастады. Бұл енді ғана өмірге келіп жатқан қарындасым Қайникамал еді.

Кісі көп болмаса да, үй іші абыр-сабырға толып кетті.

Қарындасымның өмірге келуі мен үшін де осы қуанышты оқиға болуы тиіс екенін сол сәтте сезіне қоймаған сияқтымын. Тууы туралы куәлігінде жазылған 13-сәуірде біздің өлкеде алашабыр жұрнақтары болмаса қар жатпайды, жер қарайып, ішінара көгере бастайды. Ал қарындасым туған уақытта қар енді ғана еріп жатқан сияқты еді.

Сол жылы ғой деймін, атам мені сүндетке отырғызды. Мұсылмандық ғұрпы бойынша бала 3, 5, 7, 9 сияқты тақ санды жасқа келгенінде сүндеттелетінін, Қайникамалдың менен үш жас кіші екендігін ескерсек, сол жылы екендігі анық болуы тиіс.

Қарындасым өмірге келетін сол жалғыз бөлме. Бесін ауған күндізгі уақыт. Сиректеу сақал-мұртына бурыл араласқан ашаң жүзді ақсақал менің аяқ жағымда күйбендеп жүр. Артынан білсем, бұл кейін маған ұстаздық еткен Бурахан мұғалімнің әкесі Әуелбек екен. Қарт адамның қолы қалтылдады ма әлде көзі жөнді көрмеді ме, ұстарасын батырыңқырап жіберіпті.

Әйтеуір бір кезде өмірге жана келген жандай көзімді енді ашып жатыр екенмін. Жаныма батқандықтан, шырқырап жыласам да, ештеңеге түсініп жарытар емеспін, Тек төбеме ғана қарап, қозғала алмаймын...

Көз көрген үлкендердің сөздеріне қарағанда сүндеттеу ауыр өтіп, мен есімнен танып қалыппын. Бірнеше күн бойы орнымнан тұра алмай, ыңырана ауырсынып, пұшайман халде жатқаным да сондықтан. Менің осы мүшкіл жағдайымды ес білген кезде көбірек еске салып, әңгімелеп қоятын Кәмәл апай еді.

...Сол кезде менің сәбилік қабылдауымда өмір біртүрлі сұрқай тартып, дірілдеп-қалтырап қатты қысылғаным ес білгеннен кейін буалдыр елес қана. Атамның мені аяп, ескірген мейірбан үні құлағымға әлдеқайдан талып жеткендей болады. Көзі шала көретін, қолы қалтылдаған қарт адамның қолындағы ұстараның жағдайын елестете беріңіз.

Сол жылы жас тәнімде қинаған тағы бір оқыс жайды басымнан өткізуіме тура келді.

Қазақы тамның сыртқы есігін ашып, ішке қарай аттасаңыз, екі қапталға созылып, көлденең жатқан ұзыншақ дәлізге кіресіз. Сол дәліздің екі жағын екі үйлі жан мекен етеді. Бізге

тиесілісі — оң жақтағы жалғыз бөлме, ал сол жағында тұратын Ниязбек деген қойшы. Менен гөрі ересектеу Ләззат есімді қызы көбінесе мені қара тартып, біздің үйге келгіш.

— Жүр, біздікіне барайық, — деді Ләззат бір күні. — Енді сол жақта ойнаймыз.

Ләззат мені ертіп, екі үйді жалғап жатқан ортақ дәлізге алып шықты. Ниязбектің үйінде қарама-қарсы шеткі бұрышта үлкен қарақоңыр төбет шынжырлаулы жатады. Кәдімгі құлағы тікелейген ызғарлы овчарка. Әдетте атам қазақ итті үйде ұстамайды. Оның үстіне екі-ақ үйлі малшы ауылында. Иттің міндеті — қораны, малды күзету болғандықтан, оны апарып, үй ішіне байлап қоюдың ақылға сыя қоюы екіталай. Көршіміздің сондай оспадарсыз қадамға неге барғанын білмеймін.

Шағын дәліз арқылы Ниязбектің үйіне кіру үшін түрі ызғарлы осы төбеттің тура алдынан өту керек. Жақындауға жүрегім дауаламай:

— Қоркам, — дедім Ләззатқа.

— Жүр, қорықпа, қаппайды, — деді ол сенімді түрде.

— Қоркам... қабады...

Қыз мені қайрайтын тағы бір нәрселерді айтып жатыр. Сонан сақтана басып, оның сонынан ілестім. Қанталаған зәрлі көздерін маған қадап, бұрышта жатқан қаһарлы төбеттің кенет «арс» етіп, бері қарай жалғыз-ақ қарғығаны. Қашып үлгере алмадым. Қас-қағым сәтте көз алдымда ең соңғы қалғаны — иттің арандай ашылған үлкен аузы...

Бір кезде есімді жисам, айналам буалдыр бірдене. Әйтеуір анық ажыратқаным — маңымды қоршаған адамдардың сұлбалары. Жалаңаштанған біреулер, қолдарындағы жейделерін сипаланып әлек.

— Бит!.. Бит таптың ба? — деп ышқына шыққан дауыстар естіледі. Біздің үй емес, көршінікі. Операция жасайтын адамдай мені стол үстіне шалқамнан сұлатып жатқызып қойыпты.

Арандай ауыздан қорқып, шалқалай құлап үлгерсем керек. Ақсиып келіп сақ ете түскен ауызға іліккен — сол жақ аяғым. Егер шошынып шалқамнан құламағанда, тістері сақылдаған апандай ауыздың үш жасар баланың қай жерінен қауып түсерін кім білсін. Ар жағында не боларын ойлаудың өзі қорқынышты. Қазір ит қапса болды, құтырған емес пе деп дәрігерлер зардап шеккен адамның өзін неше түрлі әуреге салып жатады. Қайта жаңағы овчарканың ол жағынан таза болып шықанын айтпаймысың.

Үлкендердің айтуынша, періштем қағып, тура келген ажалдан аман қалыппын...

Сүндетке отырғызылуым, қарындасымның өмірге келуі және иттің қабуы – осы үшеуі де бір жылда менің үш жасар кезімде қыста немесе қыс аяғына қарай болған оқиғалар. Үшеуі де әрине, Қайырбай бұлағындағы қыстауда бір үйдің ішінде өткен.

Ал Қайырбай қыстауы – үш жарым шақырымдай жердегі шаруашылық орталығы Покровкаға (қазіргі Маңырақ) ең жақын қыстау, Маңырақ тауының теріскей етегінде.

Ол кезде отты, шүйгінді жайылымдардың бірі. Әр жердегі сай табандары қызыл жосадай қып-қызыл ойдымдар. Әсіресе, жауыннан кейін осы қызыл керіштердің ажары ашылып, одан әрман қызылдана түседі. Атам екеуіміз қойды қайырып жүріп, осы қызыл ойдымдарға келіп қаламыз. Қызыл керіштің беті тілім-тілім қабыршақтар.

Мен оның үстін баспай, бақырып жылаймын. Өйткені, менің түсінігімде аралары ашылып жатқан қызыл қабыршықтар салмақ көтере алмай, жер астына түсіп кетуі мүмкін. Алға баспай, тыртысып бақырып тұрғаннан кейін мені атам амалсыз арқалап алады.

Бұл – қазіргі Маңырақ ауылының теріскей шығысындағы Көрпебай тұмсығының ар жақ етегі.

Ағайынды екі шалдың үйлері сол қызыл керіш аламайының күн батыс жағына қатар тігілген. Екеуінің арасы жүз метрден аса да қоймас. Кейде атамның сол үйге кіріп алып, шықпай қоятыны бар. Мен бармаймын. Алды қатты, кейде ашулы Қайса атамнан қаймығатын сияқтымын. Қалжақтап айтқан кейбір сөздерін шын көріп те қалуым мүмкін. Әйтеуір ол үйге қарай көңілім тартпайды.

Әрі күтем, бері күтем, атам болса шығар емес. Содан кейін өзіміздің сыртқы босағаға сүйеніп тұрып айқай саламын:

– Ата, қайт деймін. Андағы жаман үйде нең бар?

«Жаман үй» дегенім – атамды тезірек қайтарып алудың амалы. Әйтпесе біздің құрым лашыққа қарағанда Қайса атамдікі салиқалы ақ отау. Қайдан жаман бола қойсын.

Атам арқалап жүрген кезде ме әлде ойнап жүріп пе, әйтеуір аяғымдағы кебістің бір сыңарын жоғалтып алыппын. Аяқ киім қат заманда атам байғұс әжептәуір уайым қылып жүрді.

Бір күні үйіне барып қалсам, Қайса атам:

– Мә, кебісің, – деп маған ұсынып жатыр. Сол кезде мен:

– Е, Бәбем (Бәбиханды жұрт сыпайылап «Бәбе» дейтін) ұрсып жатыр еді. Сөйтсем сен ұрлап алған екенсің ғой, – деп ақсақалдың қолынан кебісті жұлып алыпбын.

Өзімнің сонау сәби кезіме ойша барлау жасап байқасам, үзік-үзік суреттердің ішіндегі бояуы қанығырағы жайлау көріністері екен. Малшылардың жазда шығатын жайлауы біздің елде екеу. Бірі – кәдімгі Тарбағатайдың қыр жотасындағы, оның ішінде жондағы дәстүрлі жайлау.

Өзге таулардың жоғары бөлігі ұшар басына биіктеген сайын сүйірленіп, үшкірленіп кетеді ғой. Ал Тарбағатайдың біздің елдің тұсындағы жоғары биігі жылқының сауырындай жұмырланып жататын алқап. Осы жұмыр беткей тау қырқаларының ең жоғарғы жағында, «Жон» деп аталуы да содан болар.

Басқаша айтқанда, оркаш-оркаш таулар мен қатпар-қатпар қалың жартастардан ада, жұмырланып тегіс келген көлбеу жазық, мал жайылымына қолайлы жайылып жатқан кең жазира. Қой жарықтың пырдай болып сол жонның беткейін тістелеп жатқаны. Ара-арасында самалға танауларын төсеп, желдей ескен күйлер алыстап та кетеді. Ал жайлаудан түскен кезде малдың жұнттай болып семіріп алатыны да бекер емес.

Екіншісі – Маңырақ жайлауы. Маңырақ – Тарбағатайдың соңына ерген қозы сияқты Зайсан көлімен арада алып жатқан орны да шағындау, еңсесі де пәстеу аласа тау. Географтардың оны жалпылап Тарбағатай тау жүйесіне қоса салатынын кейін білдім ғой. Шағын болғанымен, Маңырақ тауы Зайсан – Тарбағатай сияқты екі ауданның малшыларына қысы-жазы пана, құтты қоныс. Бірақ біздің жақтың адамдарының түсінігі бойынша ол шын мәніндегі дәстүрлі жайлау емес. Қыстаулардың желке жағынан мінбелеп тұрған жақын тауларды малшылар лажсыз жайлауға айналдырып алған.

Шамырқанған жаз уақытын бұл жақта сағалайтындар – ұзақ жолға жарамайтын ауру-сырқаулы мал баққандар, отбасында биік тауды көтере алмайтын дертті жандары барлар, я болмаса, іріқара табындары. Сондықтан Тарбағатайдың қыр жонындағыдай емес, бұл жақта жазғы жайылымның етек-жеңі де жинақы. Жайлау базары сондықтан да Маңырақ беткейлерінде солғындау.

Біз Тарбағатайдамыз.

Жер де, көк те қара түнек бұлт болып қойындаса тұтасып кеткен. Түнеріп алған күннің көзі ашылар емес. Ашылғанды

қойып, суық жауын киіз үйді тысырлата ұрып, саулап тұр. Сырттан естіліп жатқан адам, мал үндері...

Бізді киізбен тұмшалап орап тастаған. Көзіміз ғана жылтырайды. Аяғымыз еністе, басымыз жоғары. Соған қарағанда киіз үй тегіс емес, көлбеу жерге тігілген сияқты. Түнліктен тырсылдаған суық тамшылармен бірге үй маңынан жөңкіліп сарылдап аққан су сарыны естіледі. «Сел» дейді үлкендер.

Қартандау кісі қайта-қайта бетімізден сүйіп, ойнатып, ұрсып, алдаусыратып кетіп жүр. Бұл – әкеміздің өзінен бес жас кіші інісі Қайса ақсақал. Ал қасымда бір киіздің ішінде жатқан – сол кісінің сүт кенжесі, менен бір жастай кішілігі бар Ердаулет. Өз әке-шешем қайда жүргенін білмеймін. Шамасы, ауа райының қолайсыз уақытында үйлері бүтін, ойнайтын баласы бар деп мені осында жіберген-ау.

...Тағы да сол жайлау. Біздің киіз үй жонның теріскей беткейінде. Әлсін-әлсін жаңбыр жауады. Жыртық үйіміздің айналасын оскылап, ойнап тұрған найзағайлар. Тура қасымызда жарқ-жүрқ еткен кезде күн де құлақты жара, қатты шатырлайды. Біздің елдің қазақтары күннің күркірі күшейіп, құлақ тұндыра гүрсілдегенді «Күн шатырлады» дейді. «Найзағайды» «Жасын» немесе «Жасыл» деп те айта береді. Таулы жерде жартастар мен шағыл аңғарларға шағылысқан жасын үні тіпті еселеніп кетеді. Жасын мейлінше таяу түскен жағдайда даусы естен тандырардай ащы.

Күн осылайша қатты шатырлаған кезде құлағымды басып, үй ішіне тығылып қаламын. Кейде осы жасын тікесінен түсіп, мал да, адам да қаза табатын жағдайлар болады. Бір рет мал бағып тұрған Ақылбай деген қойшыға найзағай түсіп, астындағы атымен мерт болып кеткен ғой.

Бұлт етегі сөгіліп, күн ашыла салысымен, айнала лезде жарқырап, жаңа ғана қорқынышты ештеңе болмағандай қолма қол көңілденіп сала береді. Жонда бытырай жайылып жатқан қой. Бір рет тау асуынан аса беріп, сонау теріскейде көкпенбек болып жайылып жатқан әлдеқандай жазықтың қылтыған шетін көрдім. «Жайсаң көлі» дейді әкем.

Дәл жанымыздан шығысқа қарай жөңкілген алуан пішінді бұлттар, терең шатқалдар, жартастар, көк майса, алыстағы көгілдір дақ – бәрі менің санама қатты әсер етіп, өшпестей із қалдырды. Кейін есейген шақтарда елестетсем, соның бәрі көз алдымда қалып қойған бір ертегі дүниесі тәрізді болып

көрінетін. «Мен сонда ертегі дүниесінде жүрген екенмін-ау» деп те ойлаушы едім.

Қатты нәсерден соң күн ашылып, жонның беткейі мөлдіреп тұрады. Бірақ беткейдің бір алқабы көкпенбек емес, сәл сарғыштау. Өйткені қалың шөптің арасында қаптап өсіп тұрған қурай, шөптің сап-сары гүлдері. Сол сарғыш беткейде бытырай жайылған қой. Түс ауа бастаған уақыт. Мен сонау жайылып жатқан малға жүгіріп барғым келеді, бірақ жете алмаймын. Әлі кішкентай болғасын да үй маңынан ұзап шықпайтын сияқтымын.

Өзім қатарлас, бәлкім, үлкендеу бір балалармен тошала терген, жартастың түбінде ойнаған кездер еміс-еміс есімде. «Алыс кетпендер, қасқыр көтеріп әкетеді» дейді әке-шешеміз.

Бірақ сол балалардың кімдер екенін айтып беретін қапер қайда қазір?.

Малды күйлі бағу үшін қойшылардың жыл мезгілдеріне орай қоныс аударып жататыны қазақи ортада өскен оқырмандарға жақсы белгілі. Жайлау мен қыстаудың не екенін түсіндірудің қажеті шамалы болар. Ал бүгінгі жиырма бірінші ғасырдың, оның үстіне қаланың балаларына экзотика үшін күзеу мен көктеудің не екенін айтып кеткеннің артықшылығы жоқ. Қыстың ызғары әбден қайтып, күн ыси бастаған уақытта малшы қауымның иіс-қоңысы шығуға айналған қыстауды тастап, жұрт жаңартады. Сондағы барып тұрақтайтыны – ел жайлауға көшкенше отыратын «көктеу» деп аталатын қоныс.

Ал, күзеу болса қойшылардың жайлаудан түскеннен кейін қыстауға көшкенше отыратын күздік қонысы. Көктеу, керісінше – қыстаудан кейін жайлауға көшкенше аралықтағы мал жайылымы. Әр мезгілде пайдаланғаннан кейін көктеу де, қыстау да бір қоныс, бір жайылым бола береді.

Көктеу кезіндегі шаруалар да жеткілікті. Қойдың жүні қырқылып, күпкіге тоғытылады. Күпкі дегеніміз – арнайы қоспалар қосылған су бассейні. Әдетте бөгеттегі су ішіне негізінен қосылатын керосин. Жүннен жеңілденген қойлардың қотыр-қышымасы болса, қырықтық тиіп кеткен жаралары болса, тезірек жазылып кетуіне себепші.

Бірақ күзеуде отырған жеңілірек. Өйткені, біріншіден, егіннің жиын-теріні түгел аяқталып, жайылым жері кеңейеді. Астығы жиылып алынған аңыз – қой үшін таптырмас жайылым. Бұл уақыттарда малдың қоңы көтерілмесе, түсе қоймайды. Екіншіден, – қым-қуыт қарбаластың саябырсыған

кезі. Қойшының ендігі алаңдайтыны – алдағы қыстың жайы ғана. Қыстауының қалай дайындалып жатқанын тексеріп, басшылардан керек-жарақтарын сұрайды. Қыстаудың дайындығын елеместен, алғашқы қар түсе бергенде бірден көшіп бара салатын жалқаулау малшылар да бар.

Ендігі айтайын дегенім – осы күзеу мен көктеуге қатысты кейбір эпизодтар.

Қандысу өзенінің сол жағындағы қырат-қырқалы алқап көлбей созылып барып он шақырымға жетер-жетпес қашықтықта Тарбағатай тауының етегіне тіреледі. Онда да таудың нақ өзіне емес, етегіндегі аласа балақ тауларына. Осы алқаптың қазіргі Маңырақ (бұрынғы Покровка) ауылына қиғаштай таяп келетін тұсының атауы – Шұбар.

Мен төрт жасқа толатын жаздың басында біз осы араны жайлап отырдық. Айнала қарағанда қыраттар. Шығыс жақтан Покровка ауылының төбесі, оның ар жағын қалқалап жатқан Маңырақ тауы көрініп тұрады. Тұрасынан санағанда 3-4 шақырымдай ғана жер-ау, бірақ тек атпен, өгізбен жүрген адамға ұзақ сияқты.

Күндіз мал өріп кеткен, қотан ішінде жалғыз қошқар ғана қалыпты. Жападан жалғыз жүріп зерігіп, үлпілдеген жұмсақ көннің үстінде ойнап жүргенмін. Мені көрді де, жалғыз жануар артына қарай ақырындап шегіне бастады. «Бұнысы несі, менен қорықты-ау мына неме» деген ой келді де, мен батылданып, ілгерілей түстім.

Сөйткенімше болған жоқ, шегініп бара жатқан қошқарым кенет алдыға қарай тұра ұмтылды да, жүгіріп келген бойы кеудемнен сарт еткізіп сүзіп-ақ жібергені. Қойдың жас көнінің үстіне шалқамнан ұшып түстім. Әрине, ауырсынып қалған да болуым керек. Басым зеңіп, есімнен ауыңқырап қалғандай болды да, тырбандап қайта тұрдым. Қошқарым анадайдан бақылап тұр екен, енді көтеріле бергенімде, ышқына жүгіріп келіп, шаңырақтай қосы мүйізімен қайтадан періп жіберді. Қайтадан ұшып түстім.

Ауырсынып қалғаннан әлде қорыққанымнан, әйтеуір жыламаймын, дыбысым да шықпайды. Сосын ақыры мүйіздің ауыр соққысынан өлетін болғасын ғана бақырдым ғой деймін. Үйде емшектегі баламен (қарындасым Қайникамал) отырған шешемнің жүгіре шыққаны сол кезде ғана.

Әкем жарлы адам еді. Қаншама еңбек етіп, бейнет шегіп жүргенімен, дұрыс киім киіп, жүйрік ат мінбеген кісі. Басқаны былай қойғанда, басында басқа қойшылар қатарлы жібі түзу киіз үйі де болмапты. Қыстаудан көше мекен қылатынымыз

- үш-төрт қанатты, құрым киізді жаман лашық. Қарақұрым болып тозып кеткен киіздері шұрық-шұрық тесік. Өзге үйлердегідей керегенің сыртына ши тұту, оның бір жағына кілем ілу деген мүлде жоқ. Басқұр, дөдеге, түнлік бау тәрізді байлау әбзелдерін де көрген емеспіз. Әйтеуір күлдіреуіштері айқасқан, кейбіреуінің орны ғана үңірейген, иір-қиыр болып, қисайып тұратын ескі шаңырақ. Әдетте шаңырақты күн тәріздес дөңгелек деп жатады, ал бізге малдан шыққанша шаңырағымыздың дөп-дөңгелек болғанын көрген емеспін. Біздің үйге жібі түзу бір нәрсе бітіп көрді ме екен?

Тіпті сол Шұбар көктеуінде шаңырақсыз жай жаман коспен отырдық-ау деймін.

Осы қошқар оқиғасының ертеңінде түс ауа батыстан қатты жел соғып, оған нөсер қабаттасып, күн алай-түлей болды да кетті. Қалқиып әрең тұрған жаман қос сықыр-сықыр етіп қопандап, желдің ығына қарай еңкейіп барады. Енді болмаған да домалап кетудің аз-ақ алдында.

Дауыл басталмай тұрып үйге Бакдәулет аға (Қайса ақсақалдың баласы) келген. Он бес-он алты жасар бозбала кезі. Емшектегі сәбиін бауырына басқан шешем бірдеңе деп үрейлене күбірлейді. Менің де екі көзім алақандай. Қос қолымен қостың босағасынан мықтап ұстап алған Бакдәулет аға дауылға қарсы қайрат көрсетіп, тізерлеп отыра қалды. Нөсер жауын төпелеп, жел қанша зіркілдей сабаласа да, қосты қос қолдап ұстап, жіберер деген не.

Құдайдың қарасқанын көрмеймісің, егер қаңғелестеп ағам келіп қалмағанда, баспанамыздың жағдайы, ішіндегі біздің халіміз не болар еді?

Дүлей дауылдың баспанамызды дөңгелентіп, сыпырып әкетуі мұнда тұр ғой.

...Танауым ердің алдыңғы қасына тие жаздап атқа мініп жүрмін. Атқа өз бетімше жалғыз алғаш мінуім де осы Шұбарда. Әшейінде мені көзден таса қылмайтын, мен үшін ығи да сақтанып жүретін атама «Жібер» деп қиғылықты саламын ғой баяғы. Оның үстіне астымдағы ат та басын басып кетсең, мыңқ етпейтін керемет жуас болыпты.

Небәрі төрт жастағы бала үшін атқа жеке өзі отырғаннан артық бақыт бар ма екен, шіркін. Екі езуім екі құлағыма жетіп мәзбін. «Шу-шулеп» қой қайырған боламын. Балалық кездегі ең бақытты сәттерінің бірі емес деп қалай айтарсың?

Әкемнің мені алдына мінгестіріп алып, кейде беттейтіні – Покровка жақ. Сол кезде оң жағымыздан жанасалап тағы бір салт аттының қарасы көрінеді. Бір қырқаның астында,

бізден гөрі қашығырақ отыратын Мақат деген қойшы. Оның да бағыты – сол Покровка, оның алдына мінгестіріп алған кішкентайы бар. Менен үлкендеу Мұңлық деген қызы.

Екі қойшы әлденені айтып тіл қатысып үлгіреді. Бірақ шамалыдан кейін-ақ Мақаттың сары аты алға қарай сумаңдай озып, бізді шаң қаптыра бастайды.

-Ата, біз де, - деймін мен.

- Немене біз де?

- Біз де шабайықшы...

- Қарғам-ау, қайдағы шапқан? Шапқанды былай қойып, желмей қалсын бұл шардақ...

«Аттыға ілесем деп, жаяудың таңы айрылған» дейді қазақ. Ал біздің аттан сол жаяуыңның өзі озып кетер еді. Сары жорғаға мінген Мақат сәлден кейін-ақ қырқадан асып, шаңын да көрсетпейді.

Ылғи кейіндеп тепендеп келе жататын – атам екеуіміз.

Сол Шұбарда отырған жазда қызуым көтеріліп, ауырып қалдым. Шешемнің мені қалай күткенін білмеймін. Кешкісін малдан оралысымен, мені қолына алып, сақал-мұртын бетіме тиігізіп емірене иіскеп, әкем шамалы тұрды. Сонан кейін көтеріп, далаға алып шыққан. Айналада басқа ештеңені көрмеймін, көзіме түскені – жалқындана қызарып батып бара жатқан үлкен күн. Мүлде дөнгелек емес, екі жағына қарай сәл бұртиыңқырап тұр. Қызыл күннен басқа ештеңені байырқалай алмай тұрған маған өмір соншалықты жат, бөтен сияқты. «Ата» деуге де тілім келмей, талықси беремін.

Шешем әкеме әлдене бергендей болып көрінді. Сонан әкем үстімдегі киімнің алдыңғы өңірін кенейте ашып қойып, ауызына толтырып алған суды бүркіп-бүркіп жіберді. Тітіркеніп кетіп, ауыр ыңырсындым. Сонан үйге көтеріп әкелген күйі орап жатқызып қойды. Шамалы ыңкылдап жатып, көзім ілініп кетсе керек. Сол қалпы тыпыр етпестен, күн найза бойы көтерілгенше ұйықтаппын.

Көзімді ашсам, ауруым қолмен жұлып алғандай сап болған. Ары қарай сөйлеп, күліп, өзімше ойнап кеткенімді көріп, әкем байғұс түкті аузымен бетімнен қайта-қайта сүйе береді.

Осындай жағдайлар кейін біз Тұмсықта отырған кезде де, мектепке барып, бастауыш класта оқып жүрген кездерде де қайталанды. Соның бәрінде де әкем кеудеме су бүркіп, ұшықтап: «Қарғама шипа бере гөр!.. Сақтай гөр қарғамды!..» деп, бір Аллаға жалбарынып жататын.

...Бұраландаған тау жолымен ыңыранып ұзақ көтерілген жүк машинасы әлден уақытта шеңбер жасай жүріп келді де, қопандап барып тоқтай қалды. «Е, келген екенбіз ғой» деген оймен ақырын ғана жан-жағыма қарадым.

Онтүстік жағымызда – тіп-тік тау беткейлері, едәуір алыста секілді көрінгенімен, төбемізден төніп келіп қарап тұрғандай. Ал күн шығыс жағымыз – ирелендей созылып жатқан кең шатқал, одан арғы тау шоқылары едәуір алыста. Шатқал ернеуі сойдиган жартастар, ара-арасына әрқилы бұталар, түрлі шөптер өскен. Жақындап барып қарауға жүрек дауаламайды, демін ішіне тартып, қарайып жатқан тау жарығының түбі көз жетпейтіндей терең сияқты.

– Әй, осы жер-ақ, – деді шофер жүктерді түсіріп жатып. – Бәбеннің қалдырып кет деген жері осы.

Шешем мен шофердің сөздерінен ұққаным – әкем өзгелермен бірге жайлауға шығатын малдарды айдасып, кешірек келеді екен. Машина қорабына тағы бір малшының үй жүктері тиеліпті. Бізді терең шатқалдың кенересіне қалдырып бара жатып, шофер жігіт:

– Қорықпандар. Күн батқанша Бәбең де келіп қалар. Мен ерте жарықта енді мына кісілерді коньыстарына жеткізіп тастайын, – деді де, кабинасына ырғып мінді. Қалбиып қарап тұрмын, таудың бұран жолымен қисаландап, ыңырана жылжыған жүк машинасының көзден таса болғаны едәуір уақыттан кейін.

Айнала құлаққа ұрған танадай тыныштық. Көз көрім жерде тірі жан, тісті бақа байқалмайды. Шыңғырып айқайласаң да, ботадай боздасаң да, мынау иенде даусынды ести қоятын жан баласы болсашы. Бірақ ол жағы шешеме есеп емес, әлдекімдерге ренжіп, қайта-қайта күңкілдей береді. Қолындағы сәбиін бір жерге ұйықтатып қойып, жаңа шофер жігіт қалқайтып беріп кеткен керегелердің үстіне бірдемелерін жапқан болып жатыр.

Күн батуға айналған кезде өзіміз келген жаққа қарағыштай беруді жиілете түстім. Өйткені манағы кісілердің сөзіне қарағанда әкем де төбе көрсетіп қалуы керек қой.

Ұясына қонған күннің соңғы сәулесі талмаурап, сәлден кейін оның жұғындысын да қою қараңғылық жалап-жұқтап тауысуға айналған. Кеш қараңғылығы әбден иектеп, иенде қалғанымызды тіпті айқын сезіндік. Айнала әлі де жым-жырт. Түн түнегінің салбырап басуымен бірге бойды билеген үрей де күшейді.

Қалқиған қостың алдына шығып алып, жан-жаққа құлақ түремін. Иен таудың ішінде әлдене сытырлап, әлдене әлсіз үлдейтін сияқты. Сонау етек жақтан үрейге үрей жамайтын тырақы ащы үннің естілуі тіптен анық.

Қайса атамдардың үйретуімен шешемді әлі атымен атайтын кезім ғой:

– Бұл не, Нұржамал? – дедім ол кісіге жалтақтай қарап.

– Байғыз ғой. Басыңа көрінгірдің сұңқылдауын қарашы.

Мені жұбата сөйлегенімен, шешемнің де жетісіп отырғаны шамалы болып шықты. Сәлден кейін шыдай алмай, өзінен өзі:

– Көкек! Көкек! Кет, пәлекет! – деп айқайлай дауыстады.

Кішкентай Қайникамалдың қыңқылы қоюлана түссе, шешемнің айқайы да жиілеп кетеді. Нәрестесін көбінесе ұстайтын өзі, не болмаса орап-қымтап жерге жатқызады. Әйтеуір бала бағуға мені араластыра қоймайды.

Қорыққан кезде адамның тамаққа деген пәйіті де қайтып қалатын болуы керек, талай уақыттан бері нәр сызбасам да, «Нан! Тамақ!» деп ештеңе сұрамаймын.

– Қорықпа, Нүрдікен! Қазір ай шығады. Ай шыққаннан кейін, айнала көрінеді. Қорықпа! Әй, мына шал қайда жүр, әй? Жас баламен таудың ішінде қаңғытып... Ең құрығанда, ит те жоқ, – деп назалана дауыстаған кезде бойымдағы қорқыныш сезімі денемді одан әрман қалтыратып жібергендей болады.

Ілгерінді-кейінді қамалаған тау қоршауының бір жақ шетінен қылтып, айдың да шекесі көріне бастады. Алдымен бір түрлі нұры сөнгендей қызарыңқы сияқты еді, толық көтерілген соң, бойын түзеген қыздай болып кәдімгідей жарқырауға айналды.

Бірақ шешемнің жаңағы жұбата сөйлегеніндей, көңілім тыныштала қойған жоқ. Қайта айдың жарығы қорқынышты ахуалымызды одан арман ұлғайтып бара жатқандай болды. Дөңгеленіп, толып алған ай таулардың үстіне қарай өрмелеген сайын әр тұстан қап-қара болып ұйыған қою көлеңкелер де молая түскен. Сол көлеңкелердің ішінде әлдеқандай түсініксіз құбыжықтар тығылып жүргендей. Тек жүріп қана қоймай, терең шатқал мен төбешіктердің арасындағы біздің кішкентай қосқа қарай жымысқылана басып, жан-жақтан анталап таяп келе жатқандай болып көрінеді.

Манағы сытырлаған, тықырлаған дыбыстар қатары да қалындай түсіпті. Шешем байғұс жанын қоярға жер таппағандай қолына шыбық ұстап алып, қостың еңіс жағын бетке ұстап, аулағырақ шығып кетті. Әлденеге өзінше сес көрсетіп келіп, артынан «Көкек! Көкек! Аулақ кет! Жолама

балаларыма!» деп жарқышақтанған жіңішке үнімен үрейлене айқайлайды.

Осылайша жан-жақтан төніп келуге тиісті қорқынышты құбыжықтарды күтіп жатқан күйі талығып барып, ұйықтап кетіпін. Мені оятып жіберген – әлдеқандай даудырлаған дыбыстар. Ай жарығымен қалбаң-қалбаң еткен таныс тұлғаны көріп, орнымнан атып тұрдым:

– Ата!

Сөйтсем осы жақта бетке алып келе жатып, әкем жолшыбай бір жағдайға ұшыраған екен. Бір жерге келгенде астындағы аты шұлғып кеп қалғанда, еңкейіп отырған әкемнің мұрнына шүйдесі сарт ете түсіпті.

– Сонан есімнен ауып құлап қалғаным, – деді ол кісі бір түрлі мінгірлей сөйлеп. – Қарасам, мұрынымнан қан аққан... Аттың үстіне әрең шығып... Сонан жеткенім...

Артынан ойлаймын, «Күні бойы тыным таппай шаруамен шаршап жүрген әкем ер үстінде келе жатып, қалғып кетті ме екен» деп. «Аттың соққысы сол сәтте тиген-ау» деп.

Сөйтіп атам қалай келді, шешем екеуімізді бүкіл тұла бойымызды алып, шошытқан қорқынышты ахуал да солай сейіліп барып, сап болды.

...Тағы да жайлау. Бірақ бұл Тарбағатайдың жоны емес. Маңырақ жайлауы. Біздің үй сол бір жазда сиыр фермасында болыпты. Сөйтіп сиыршылармен бірге Маңырақ жайлауына шыққан. Әкем сонда қой бақты ма, әлде сиыр бақты ма, ол жағы есімде жоқ. Кейін ойласам, біз сол Шұбарда отырған жылы атамды сиыр фермасына ауыстырып жіберген сияқты.

Тарбағатай жайлауында әдетте шопандар көбінесе дерлік жалғыз үй отырады. Ал мұнда киіз үйлері қатар-қатар тігілген, топтасып отырған көңілді ауыл. Сол кезде мән бермеген екенмін, кейін аңғарсам, киіз үйлердің есіктері оңтүстік батысқа қарай тігілген. Жалпы біздің өлкеде қалыптасқан қазақы дәстүр бойынша, көшпелі баспаналардың есіктері тек шығысқа қаратылатын. Бұл жолы сол дәстүрдің неге бұзылғанын қайдан білуші едім.

Сиыр фермасы болғандықтан да, мұнда ақ мол. Оның үстіне құрт, ірімшік, ежігей дегендерің дастарқан үстінде үйіліп жатады. «Торта» деген сөздерді де осы ауылда жиі айтатын.

Маңырақ табиғаты Тарбағатайдан өзгешелеу. Ең алдымен тау биіктігі аласалау, теңіз дегейімен өлшегенде едәуір төмен. Салыстырмалы түрде жауын-шашын аз, ауасы да онша ылғалды емес. Сондықтан да жазы жондағыдай салқын

болмайды. Кейде үйіріле соғатын желі де құрғақ. Әрине, мұның бәрі менің бала кезімдегі салыстырулар қазір кім біледі, өзгеріп кетті ме екен?

Қатар жатқан таулардың жер бедерінде, өсімдік әлемінде айырмашылық та жоқ емес. Мәселен, Тарбағатай жонында қаптап өсетін тошала Маңырақ беткейінде өспейді, бола қалса, өте аз. Керісінше, Маңырақ қой бұлдіргенге бай да, Тарбағатайдың салқын жонына ол жөнді шықпайды. Бұлақтары жылап аққан тау аңғарларында көк терек, қызыл қайың сияқты ағаштар да өседі.

Кейін әке-шешемнің айтып отыруына қарағанда, біздің сол жазда Сарыбөктер қыратының маңайындағы отырған қоныстарымыз – Қызыл қайың, Қара аю, Апат деген жерлер. Бұлардың ішіндегі Апаты жүк машинасының шоферы бізді жүк-мүгімізбен жиегіне тастап кететін иен шатқал екен.

Тарбағатайдағыдай емес, мұнда бала көбірек. Топтасып ойнаймыз. Қартайған кезде көрген жалғыз ұлы болғасын ба, әкем мені көзден таса қылмауға тырысады. Бірақ топ баланың арасында қыстырылып, мен де ойнап жүремін.

Сол кезде білуші едім, балалардың аттарын ұмыттым. Тек жадымда қалғаны – Қарлығаш есімді қыз. Ол жаңағы сиыр фермасының меңгерушісі Салықтың қызы екен. Жасы маған қарағанда едәуір үлкен, әлгі топ баланың жетекшілерінің бірі.

Бой жетіп келе жатқан ересек қыз біз сияқты ұсақтарды қызық көріп, әр түрлі ойын ойнатады. Мысалы, мен қатарлы жас балалардың біреуін күйеуі, екіншісін әйелі етіп рөлге кіргізеді. «Сен мына қызды аласың... Енді ол саған әйел болды» деп, біздің ойынымызды өзі билеп-төстеп алады.

Сонан кейін осы қызды көрген емеспін. Бұл күндері ауылдағы беделді бір азаматтың бәйбішесі, алды-арты балаға толған әже деп естимін.

Киіз үйлі ауылдың батыс жағын жиектей шамамен жарты-бір шақырымдай жерде жіңішке бұлақ ағады. Әлде қарасу ма екен? Әйтеуір кішкене бала үшін тоғамнан кем емес.

Бір рет осы су бойын суды жағалап, жалғыз өзім кеткенім бар. Үйден алғаш рет жападан жалғыз алыс шыққаным да осы болар. Құмдауыттың әр тұсында бармақ басындай жерлерден сулар атқылап жатады. Бүгінгі тілмен айтқанда, кішкене бұрқак фонтаншылар, суы мұздай. Бірақ табанға тиген құмы жұп-жұмсақ. Осындай қызық жерді тамашалап, едәуір жүріп қалсам керек.

Бір тәуірі сол жолы ештеңеге ұрынбай, үйге аман-есен жетіппін. Келсем, үйде қонақтар отыр.

...Бір жылы біздің үй осы Жыланбай қыстауында отырды. Онда қыстау қазіргі орнынан оңтүстік шығысқа қарай, шағын қоралардың арасында еді.

Жалпы бұл жақтағы қыстаулардың басым бөлігі тау жүлгелерінің жазық алқапқа ұласа беретін етектеріне орналасқан. Осы беткейдегі қыстаулардың бәрі Маңырақ тауының баурайында, оңтүстік батыс, батыс жағында. Жоғарыда айтылған Сенгірден бастап, Балағазы, Жыланбай, оның ар жағындағы Сарыашы бәрі бір жағынан тауға арқа сүйесе, екінші еңіс жағы – адырлы жазықтар. Ал өзеннің аржағындағы сонау Тарбағатай тауларына дейінгі орасан зор көнеістік – сол өзеннен көлбей басталатын қырқа-қырқа кең адыр.

Былайша айтқанда, Тарбағатай мен Маңырақтың арасы Қандысу өзеніне қарай көлбей құлаған қыртыстанған жазық алқаптар. Маңырақ тауының сілемдерімен жарыса ағатын Қандысу өзенінің арнасы, одан ары қарай қайтадан көлбей көтерілетін адырлы алқап, сол алқаптың шетін баса, ұзынынан ұзақ камал қабырғасындай болып орналасқан Тарбағатай таулары бәр түгел осы қыстаулардан қарасаң, көз алдында тұрады.

Бұрын Жыланбай қыстауының етегінде теріскейге қарай еңістеп ағатын бұлақ бастауы болатын. Кейін біздің есейген шағымызда қыстаудың еңіс жағына суын насоспен шығаратын құдық қазылды.

Қыстыгүні кешке қарай үлкен кісілер жанағы бастаудың көзін тазалады, сондағы әрекеттері – суды шелектеп сыртқа су төгу.

Біреп бала қастарында төніректеп жүрміз. Осындай жұмыстардың барысында көңілденіп кететін үлкен кісілердің ауыздары әңгімеден босамайды. Қимылдары қауырт малшылардың ауыздарында да тыным жоқ. Сондағы айтатындары – малға, шаруаға қатысты әңгімелер. Бітелген құдықтың көзін тазалап, шелекпен су шығарып жатқан, мұздақтардан күрекпен арылытып жатқан жастау жігіттер.

Жылқының сақау деген ауруы болатынын, ол ауыз қуысының уылуы сияқты бірдене екенін мен алғаш осы бастау тазалап жатқан кісілерден естідім. Бір-екеуі «Аттың таңдайына сақау шығыпты» деп, пышақпен тіліп, ем жасап жатты.

Шаруа, жұмыс дегеннің не екенін осылай біле бастадым.

...Бір рет тапа-тал түсте қыстаудағы ауыл иттері азан-қазан болды да қалды. Кейін ойлап қарасам, бұл қыстау Жыланбайдан оңтүстік шығысқа қарай орналасқан Сарыашы болса керек.

Үй саны Жыланбайдағыдан көбірек ферма сияқты мекен. Қора ішінде ойнап жүрген мен дауалдан асып қарасам, күнгей жақтан тау етегін жағалай, бір салт атты ауылға қарай құтырта шауып келеді екен. Қыстың жарқырап тұрған май тоңғысыз жылы, ашық күні, тіпті ерте көктемнің басы болуы да мүмкін. Ат тұяғынан ұшқан қар, балшық кесектері арт жағына қарай бұршақша жауып жатыр...

Ауылдың бүкіл иті жаңағының алдынан өре шығып, абалап кеп берсін. Алғашында жай ғана абалаған иттер жақындаған сайын аттыға қарай ауылдың әр тұсынан андағайлай ұмтылды. Барлық ит ауылды жағалай шапқан аттының соңында.

Екі жағын сартылдатып кезек қамшылаған әлгі аттылы шабуылшы иттерді бықпырт тигендей азан-қазан қылды. Жалпы қазақ салтында ауылға тақаған уақытта атты адам жүрісін бәсеңдетуі тиіс. Ал жаңағы шапқыншының ондай дәстүрмен шаруасы болса не қыл дерсіз, аттың төрт аяғынан қар боратып құйындаған күйі келіп те қалды.

Сол құйындатқан қалпы иттердің онынан келгенін оң жаққа, солынан келгенін сол жаққа қамшылап, атының басын тас қораға келіп бір-ақ тіреді. Сөйтті де ерден жерге қарай бір-ақ ырғыды.

Екпіні жау түсірердей болып, ауылдың иттерін бөрліктіріп жүрген кім екен деп қарасам, Кәмәл апай. Қайса атамның Болаттан үлкен қызы. Он үш-он төрттер шамасындағы жеткіншек қыз ылғи да ұлша киініп алып, ат үстінде жүретін. Өзін өзі ұстау қалпы ұрыншақ ұлдан ауса не қыл дерсіз. Мұндай ер балаша киініп, өзін ұлдарша ұстайтын қызды еркекшора деп атайтыны белгілі. Қызын есейгенше бұлай киіндіруі артынан ұл бала туса екен деген ата-ананың тілегіне байланысты болса керек. Оның үстіне ер адамның киімімен жүру мал баққан жұртқа ыңғайлы, ықшам.

Бүкіл ауылдың итін азан-қазан қылып, апайымыздың өйтіп неғып жынданып жүргенін кім білсін.

...Мал қораны айнала қоршаған тас дауалдың үстінде аппақ екі шелек тұр, сиыр саууға дайындалып қойылған. Шөп қораның мен ойнап жүрген тұсына бір жастау жігіт келіп тоқтады. Қолындағы қосауыз мылтығын тас дауалға сүйеп, әлгі шелектерге қаратып көздеп тұрды да, тарс-тарс еткізіп, атып кеп жібергені. Аппақ екі шелектің бүйірінде де бір-бір кара ноқат қалды.

Артынан осы тесілген шелектерді біреудің қолынан көрдім. Оқ екеуінің де екі жағынан тесіп өткен. Неге өйтті,

жап-жана затты бүлдіргендегі мақсат не, сол жағы маған осы күнге дейін түсініксіз.

Шелек иесінен бұрын Қайса атам:

- Ай, қаскүнем-ай, қаскүнем! Бітулі дүниені бүлдіріп... - деп қаһарлана ашу шақырып жүрді. Ыдыс-аяқ тапшы, жанасы тіпті көрінбейтін заманда мұндай ашуды орынсыз деп айту қиын еді.

...Менің тілімді қызық көретін болар, үлкендер жағы мені түрткілеп сөйлете беруге әуес.

Ересек еркек басына қызыл орамал тартқан бір келіншекті көрсетіп:

— Мына қатынды аласың ба? — дегені қарап отырмай. Қатын алу дегеннің не екенін итім біліп пе, «Әйтеуір жақсы нәрсе шығар» деген оймен:

— Аламын, — дедім тайсалмастан. Сол-ақ екен, үйдің ішіндегілер қыран-топан болып, мол күлкіге кенелді де қалды.

Бұқарбай деген қыстаудамыз. Бұл Бозшадан оңтүстіктен шығысқа қарай жатқан бұйрат-бұйрат аласа таулардың арасында. Ақжардан оңтүстікке қарай шығып, ауданды жарып өтетін ұзын жолдың да шығыс қапталында.

Тұратын үйіміз — нағыз ортағасырлық баспана. Іші қуықтай аласа тар бөлменің бұратылған қисық қабырғаларынан сорайып шығып тұрған тастарды көресің. Тастан қаланғаннан кейін сөйтеді де. Есік орнын айтпағанда, жатаған үйдің төрт қабырғасы түгел бітеу. Терезе деген мүлдем жоқ. Соның қызметін атқарып, үй ішіне құдайдың иен-тегін жарығын өлшеп-тамап қана енгізетін терезе іспетті тесік үйдің күнгеі жақ төбесінде, сәл қиғаштау орналасқан. Оған кір-кір сынық әйнектер тұтылған. Көктемге қарай төбеге шығып кеткен ешкілердің бірі сол әйнекке аяғын тығып алды да, үнірейген орнына атам қойдың қарынын керіп қойды.

Бұқарбай қыстауын қос қойшы мекен етеді. Көршіміз — қиықтау шегір көзді, еңгезердей қызыл бет қойшы (шын есімі Қалмұқан екен). Оны Қайса атамның неге «Итбас» деп атайтынын түсінбеймін, өйткені бұл кісінің кішігірім шелектей үлкен басы иттікіне тіпті де ұқсамайды.

Көршінің қандай балалары болғаны есімде жоқ. Әйтеуір сұп-суық ызғырық күнде қыстаудың теріскей жақ желкесінде жалғыз ойнап жүремін. Кейде тастарды бірінің үстіне бірін қалап, қарақшы жасаймын.

Аспан ашық, күн әрсізденіп, кешке айналған уақытта аппақ қардың өзі жүдеп-жадап қызғылтым тартады. Айнала

құлаққа ұрған танадай тыныштық. Бір түрлі жан құлазытар сүреңсіз сурет.

Сол қызғылтым қарды кешіп қыстаудың теріскей жағындағы жазықтау адырлардың арасында қой жайылып жүреді. Сол қойдың шетінде – суыққа тонып бүрсендеген салт атты адам. Кейде сол жақтан ия айтылған өлеңге ия болмаса зарға ұқсас әлдеқандай ызың құлаққа талып жетеді. Сол кезде әлгі адамға деген әлсіздеу аяушылық сезімі де көкіректе бірге оянғандай болады. Өйткені қой шетіндегі салт атты адам – басқа ешкім емес, аяздың әсерімен көзінен сорасы аққан бір кемпір. Сығырайған көздерінен бүйрек бетіне аққан сорасы қатып қалған. Бір кемпір деймін-ау, жанағы «Итбас» көршіміздің шешесі.

Біз кейде сол қойшымен бірге тамақтанамыз. Дастарқан басында дөрекілеу қалжындап, еркін отыратын бұл адамның қартайып келе жатқан шешесіне неге кейде мал баққызып қоятыны түсініксіз-ақ.

...Қыстауда өткізген әрбір жылды санап отырып, өзімнің жас мөлшеріммен үйлестіре алмай, жаңылысып қала беретінмін. Кейін осы сәйкессіздіктің себебін анықтағым келіп, Бақдәулет ағадан: «Қыстаған қыстаулар санына қарағанда жасым кем болып шыға береді. Біз осы «Тұмсыққа» көшіп барғанша неше жыл малда болдық өзі?» деп сұрағаным бар. Сонда ол: «Жалпы қойшылар бір қысты бір-ақ қыстауда өткізеді ғой. Сен солай есептеп отырсың. Ал малдан шығар жылы Бәбен бір қыстың өзінде үш жерге көшті. Сондықтан әр қыстауды бір қыс деп есептейтін болсаң, әрине, жаңылысасың» деп, жауап берген еді.

Байырқалап қарап отырсам, сол сөзі рас та. Біз Бұқарбайда отырып, қақаған қыстың ортасында «Балағазы» қыстауына (әкем «Қазақбай» деп атайтын) көшіппіз. Бұл Бұқарбайдан төмен қарай Барлыбай тұсындағы ашық алқаптың шетінде, Маңырақтың күнгей етегінде Сенгір елді мекенінен бір шақырымдай ғана жоғары орналасқан жалғыз үйлі қыстау.

Әлгі атам екеуіміздің Жыланбайда отырған Қайса атамның үйіне барып қайтатын жеріміз. Екі қыстаудың арасы шамамен екі-үш шақырымдай ғана. Ол да таудың күнгей етегіндегі ықтасында. Күн бұлтты, жапалақтап қар жауып тұрған. Атам мені жуас атының алдына мінгестіріп алып барды.

Келсек, үйлері жылы. Төргі бөлмеде Ерדәулет жатып алып, сурет салумен әуре екен. Қасында – үй тіршілігімен шұғылданып отырған Болат апай. Сол жолы Ердәулет екеуіміз жақсы ойнадық.